

Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногында брокерлік-дилерлік қызметті жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының 1998 жылғы 31 желтоқсандағы N 20 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1999 жылғы 12 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 683. Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 27 тамыздағы N 317 қаулысымен .

Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 27 тамыздағы N 317 қаулысымен .

Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногында брокерлік-дилерлік қызметті мемлекеттік реттеу мақсатында және "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы (бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады) қаулы етеді:

Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 142 қаулысымен .

1. Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногында брокерлік-дилерлік қызметті жүзеге асыру қағидалары бекітілсін (қоса берілді).
2. Жоғарыда аталған Қағидалардың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген сәттен бастап күшіне енгізілетіндігі белгіленсін.
3. Бағалы қағаздар рыногында брокерлік-дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйымдар жоғарыда аталған Қағидалар күшіне енгізілген күннен бастап үш айдың ішінде:
 - 1) өздерінің ұйымдық құрылымын және өз қызметкерлерінің біліктілігін жоғарыда аталған Қағидалардың 2-бөлімінің талаптарына сәйкестендіруге;
 - 2) өздерінің Ішкі қағидаларын және Регламенттерін (олар жоғарыда аталған Қағидалардың 1-тармағының 2) және 12) тармақшаларында айқындалған) жоғарыда аталған Қағидаларға сәйкестендіруге міндетті.
4. Жоғарыда аталған Қағидалар Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген сәттен бастап Ұлттық комиссияның 1997 жылғы 02

қыркүйектегі N 139 қаулысымен бекітілген және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1997 жылғы 16 қазанда 403 нөмірмен тіркелген Бағалы қағаздар рыногындағы брокерлік және дилерлік қызмет туралы ереженің күші ж о й ы л ғ а н д е п т а н ы л с ы н .

5. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Лицензиялау және қадағалау б а с қ а р м а с ы :

1) осы Қаулыны және жоғарыда аталған Қағидаларды (олар күшіне енгізілгеннен кейін) "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ-ның, бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушылары қауымдастықтарының (оларға осы Қаулыны және жоғарыда аталған Қағидаларды олардың мүшелерінің назарына жеткізу жөніндегі міндетті жүктей отырып), Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" ЖАҚ-ның және бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті, бағалы қағаздар рыногында кастодиандық қызметті, зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын және "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ-ның және бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушылары қауымдастықтарының мүшелері болып табылмайтын ұйымдардың назарына жеткізсін;

2) осы Қаулыны және жоғарыда аталған Қағидаларды (олар күшіне енгізгеннен кейін) бағалы қағаздар рыногында брокерлік-дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензия алуға ниет білдірген ұйымдардың назарына жеткізсін;

3) осы Қаулының және жоғарыда аталған Қағидалардың орындалысына бақылау жасасын.

Ұ л т т ы қ к о м и с с и я н ы ң Т ө р а ғ а с ы

Комиссияның мүшелері

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Б а ғ а л ы қ а ғ а з д а р ж ө н і н д е г і
ұ л т т ы қ к о м и с с и я с ы н ы ң
1 9 9 8 ж ы л ғ ы 3 1 ж е л т о қ с а н д а ғ ы
N 20 қаулысымен бекітілді

**Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногында
брокерлік-дилерлік қызметті жүзеге асыру
Қағидалары**

Ескерту: Мәтін бойынша "Ұлттық комиссиямен", "Ұлттық комиссия", "Ұлттық комиссияның" деген сөздер тиісінше "уәкілетті органмен", "уәкілетті орган", "уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 желтоқсандағы N 566 қаулысымен .

Ескерту: Барлық мәтін бойынша "брокерлік-дилерлік" деген сөздер тиісінше " брокерлік және дилерлік" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 7 наурыздағы N 76 қаулысымен .

Ескерту. Тақырыбында және барлық мәтіні бойынша "брокерлік және дилерлік" деген сөздер "брокерлік-дилерлік" деген сөздермен, "бағалы қағаздар", "бағалы қағаздарды" және "бағалы қағаздармен" деген сөздер тиісінше "қаржы құралдары", "қаржы құралдарын" және "қаржы құралдарымен" деген сөздермен, "ішкі ереже және регламент", "ішкі ережемен және регламентпен", "ішкі ереже", "Ішкі ереже және регламент", "ішкі ережемен", "регламентімен", "регламенті" деген сөздер тиісінше "ішкі құжаттар", "ішкі құжаттармен", "ішкі құжаттар", "ішкі құжаттармен", "ішкі құжаттары" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 142 қаулысымен .

Осы Қағидалар Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім), " Бағалы қағаздар рыногы туралы " Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасында бағалы қағаздар брокерлік-дилерлік қызметті (бұдан әрі " брокерлік-дилерлік қызмет" деп аталады) жүзеге асырудың шарттары мен тәртібін белгілейді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1 . < * >

Ескерту: 1-тармақ өзгертілді, толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 желтоқсандағы N 566 қаулысымен , 2003 жылғы 7 наурыздағы N 76 қаулысымен .

Ескерту. 1-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 142 қаулысымен .

2. Брокерлік-дилерлік қызмет Қазақстан Республикасының Конституциясымен және өзге де заңдарымен (оның ішінде осы Қағидалармен), сондай-ақ қатысушысы Қазақстан Республикасы болып табылатын халықаралық шарттармен (келісімдермен) реттеледі.

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бекітілген брокерлер-дилерлердің өзін-өзі реттейтін ұйымының (бұдан әрі - ӨРҰ) және Сауда-саттық ұйымдастырушының қағидаларымен осы брокерлер-дилерлердің өзін-өзі реттейтін ұйымының (бұдан әрі - ӨРҰ) және Сауда-саттық ұйымдастырушысы мүшелерінің брокерлік-дилерлік қызметті жүзеге асыруын реттейтін қосымша нормалар белгіленуі мүмкін. <*>

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 142 қаулысымен .

3. Осы Қағидалардың 2-тармағында көрсетілген нормативтік құқықтық және нормативтік актілермен реттелмеген бөлікте брокерлік-дилерлік қызмет

Брокерлер-дилерлердің Ішкі қағидаларына және ішкі құжаттарына, Брокер-дилерлер мен олардың клиенттерінің арасында жасалған брокерлік қызмет көрсету жөніндегі шарттарға және егер олар Қазақстан Республикасының аумағында қолданылып жүрген заңдарға қайшы келмесе дәстүрлерге (оның ішінде іскерлік айналыс дәстүрлеріне) сәйкес жүзеге асырылады.

4. Брокерлік-дилерлік қызмет Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіпте лицензиялауға жатады.

5. Брокер-дилер брокерлік-дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялардың мынадай түрлерінің бірін иелене алады:

1) бірінші санатты лицензия - нақтылы ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен (бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеу құқығымен);

2) екінші санатты лицензия - клиенттердің шоттарын жүргізу құқығынсыз (бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеу құқығынсыз).

6. Бірінші санатты лицензияны иеленген Брокер-дилер осы Қағидаларда бірінші санатты брокер-дилер, екінші санатты лицензияны иеленген - екінші санатты Брокер-дилер деп аталады.

7 . < * >

Ескерту: 7-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 желтоқсандағы N 566 қаулысымен .

Ескерту. 7-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 142 қаулысымен .

8. Брокер-дилерлердің филиалдары мен өкілдіктері қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органның (бұдан әрі - уәкілетті орган) жекелеген нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген тәртіпте құрылады және жабылады.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 142 қаулысымен .

9. Брокер-дилердің қызметін реттейтін нормаларды Брокер-дилердің сақтауына бақылау жасауды Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген құқықтары мен міндеттеріне сәйкес уәкілетті орган, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына және ӨРҰ мен Сауда-саттық ұйымдастырушының қағидаларына сәйкес осы Брокер-дилер мүшесі (қатысушысы) болып табылатын ӨРҰ мен Сауда-саттық ұйымдастырушылар жүзеге асырады .

Уәкілетті орган осы Брокер-дилердің және оның қызметінің бағалы қағаздар рыногында брокерлік-дилерлік қызметті жүзеге асыру лицензиясының

шарттарына және Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкестігін тексерген кезде осы Брокер-дилер уәкілетті органның тексеру тобының құрамына енгізілген қызметкерлерінің сұратуы бойынша осы Брокер-дилердің брокерлік-дилерлік қызметіне қатысты құжаттардың түпнұсқаларын және көшірмелерін береді.

Ескерту: 9-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 7 наурыздағы N 76 қаулысымен.

10. Осы Қағидалардың күші Қазақстан Республикасының банктік қызметті реттейтін заңдарына қайшы келмейтін бөлігінде Брокерлер-дилерлер болып табылатын банктерге қолданылады.

2-тарау. Брокер-дилер қызметкерлерінің ұйымдық құрылымы және біліктілігі

11. Клиенттердің шоттарын номиналды ұстаушы ретінде жүргізу құқығы бар брокер-дилердің ұйымдық құрылымында мынадай құрылымдық бөлімшелер болуы тиіс:

1) қаржы құралдарымен мәмілелердің жасалуын жүзеге асыратын сауда бөлімшесі (бұдан әрі - сауда бөлімшесі);

2) қаржы құралдарымен мәмілелердің орындалуын, қаржы құралдарын және осы брокер-дилердің және оның клиенттерінің ақшасын есепке алуды жүзеге асыратын есеп айырысу бөлімшесі (бұдан әрі - бэк-офис). <*>

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 142 қаулысымен.

1 2 . < * >

Ескерту. 12-тармақ өзгертілді, толықтырылды - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1999.04.20. N 30 қаулысымен, ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 7 наурыздағы N 76 қаулысымен.

Ескерту: 12-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 383 қаулысымен (Қаулы Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия беру тәртібі мен шарттарын бекіту туралы" 1997 жылғы 4 наурыздағы N 293 қаулысының күші жойылды деп танылған күннен бастап қолданысқа енеді).

1 3 . < * >

Ескерту: 13-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 383 қаулысымен (Қаулы Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметті жүзеге асыру

құқығына лицензия беру тәртібі мен шарттарын бекіту туралы" 1997 жылғы 4 наурыздағы N 293 қаулысының күші жойылды деп танылған күннен бастап қолданысқа енеді).

14. Бірінші санатты Брокер-дилердің бірінші басшысы немесе оның брокерлік-дилерлік қызметті жүзеге асыруға жетекшілік жасайтын орынбасары лауазымын осы Қағидалардың 13-тармағының талаптарын сақтау шартымен Сауда бөлімшесінің басшысы лауазымымен немесе осы Брокер-дилердің бөлімшелері біреуінің басшысы лауазымымен қоса атқаруға рұқсат етіледі. Сауда бөлімшесі қызметкерлерінің (техникалық функцияларды ғана орындайтын адамдарды қоспағанда) Бэк-офис бөлімшесіндегі лауазымдарды қоса атқаруына ж о л б е р і л м е й д і . < * >

Ескерту. 14-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 7 наурыздағы N 76 қаулысымен .

Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 142 қаулысымен .

15. Екінші санатты Брокер-дилердің ұйымдық құрылымын олар Қазақстан Республикасының заңдарына және осы Брокер-дилердің оның органдарының құзырлығын реттейтін құрылтай құжаттарына сәйкес дербес түрде айқындайды.

1 6 . < * >

Ескерту: 16-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 383 қаулысымен (Қаулы Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия беру тәртібі мен шарттарын бекіту туралы" 1997 жылғы 4 наурыздағы N 293 қаулысының күші жойылды деп танылған күннен бастап қолданысқа енеді).

1 7 . < * >

Ескерту: 17-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 383 қаулысымен (Қаулы Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия беру тәртібі мен шарттарын бекіту туралы" 1997 жылғы 4 наурыздағы N 293 қаулысының күші жойылды деп танылған күннен бастап қолданысқа енеді).

18. Брокерлер-дилерлердің филиалдары мен өкілдіктерінің ұйымдық құрылымына және қызметкерлеріне қойылатын талаптар уәкілетті органның жекелеген нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

19. Брокерлер-дилерлердің осы Қағидалардың 12 және 16 тармақтарының талаптарына сәйкес келмейтін қызметкерлеріне ішкі бақылауды жүзеге асыруға, бағалы қағаздармен мәмілелер жасауға және орындауға, сондай-ақ бірінші санатты Брокерлер-дилерлердің және олардың клиенттерінің бағалы қағаздары мен ақшаларына есеп жүргізуге қатысуға тыйым салынады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген тыйым салуға, өзге де ықтимал жағдайлардан басқа, Брокерлер-дилерлердің осы Қағидалардың 12 және 16 тармақтарының талаптарына сәйкес келмейтін қызметкерлеріне ішкі бақылауды жүзеге асыруға, бағалы қағаздармен мәмілелер жасауға және орындауға, сондай-ақ Банктік емес ұйымдар - бірінші санатты Брокерлер-дилерлердің және олардың клиенттерінің бағалы қағаздары мен ақшаларына есеп жүргізуге қатысты кез-келген құжаттарға (Брокер-дилердің Ішкі құжаттарын, шарттарды, төлем құжаттарын, бағалы қағаздарды аудару (есептен шығару/есепке алу) туралы бұйрықтарды, уәкілетті органға берілетін есептерді қоса отырып) қол (бұрыштама) қою құқығына тыйым салу кіреді.

Ескерту. 19-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 7 наурыздағы N 76 қаулысымен .

3-тарау. Брокер-дилердің шарт жасау алдындағы міндеттері

20. Брокер-дилер өз клиенттерінің алдында олар үшін осы Брокер-дилермен шарттық қатынастарға кіру жөніндегі және/немесе осындай қатынастарды ұстап тұру жөніндегі ниеттер бөлігіндегі елеулі мәні бар ақпаратты осы Қағидалардың 21-25 тармақтарымен белгіленген тәртіпте ашуға міндетті.

21. Брокер-дилердің клиенттерге қызмет көрсетуге қатысатын, тек қана техникалық функцияларды орындайтын тұлғаларды қоспау мүмкіндігімен, барлық қызметкерлері (бағалы қағаздармен мәмілелер жасауға және осы бірінші санатты Брокер-дилердің және олардың клиенттерінің бағалы қағаздары мен ақшаларына есеп жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға қатысатын қызметкерлерді қоса):

1) олардың лауазымдары мен жеке өздерін куәландыратын анық реквизиттерінің болуына (үстелге қоятын табличкалары, бәйдждері және оларға ұқсас басқа заттар);

2) клиенттердің бірінші талап етуі бойынша өздерінің қызметтік куәліктерін көрсетуге;

3) уәкілетті органның оларға берілген біліктілік куәліктерінің түпнұсқаларын клиенттер үшін көруге қолайлы орындарға орналастыруға міндетті.

22. Брокер-дилердің бас офісінің және филиалдарының үй-жайларындағы оның клиенттері үшін қолайлы орындарда:

1) осы Брокер-дилерге брокерлік-дилерлік қызметті жүзеге асыруға берілген

лицензияның нотариалды куәландырылған көшірмесі;

2) осы Қағидалардың және уәкілетті органның брокерлік-дилерлік қызметтің жүзеге асырылуын реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерінің көшірмелері;

3) осы Брокер-дилер мүшесі (қатысушысы) болып табылатын ӨРҰ және Сауда-саттық ұйымдастырушының брокерлік-дилерлік қызметтің жүзеге асырылуын реттейтін қағидаларының (оларды уәкілетті органның бекіткендігі туралы мәліметтерді көрсетіп) көшірмелері;

4) Брокер-дилердің бірінші басшысы немесе оны ауыстыратын тұлғаның қолымен және мөр таңбасымен куәландырылған оның барлық Ішкі құжаттарының олардың уәкілетті органмен келісілгендігі жөнінде белгі қойылған көшірмелері (Брокер-дилердің Ішкі құжаттарының уәкілетті органмен келісілгендігін растайтын құжаттың келісілген күнін және нөмірін көрсетіп) орналастырылу керек.

Ескерту. 22-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 142 қаулысымен .

23. Брокер-дилер клиенттің бірінші талап етуі бойынша оған танысу үшін мыналарды беруге міндетті:

1) соңғы есепті кезең үшін өзінің қаржылық есебін; <*>

2) Қазақстан Республикасының заңдарымен тиісті санаттағы Брокерлер-дилерлер үшін белгіленген қаржы тұрақтылығының мөлшерлерін (нормативтерін) әрбір соңғы күнтізбелік төрт тоқсанның бірінші жұмыс күнінің басталу жағдайына осы Брокер-дилердің сақтау деңгейі туралы мәліметтерді;

3) осы Брокер-дилердің қызметіне соңғы он екі ай ішінде уәкілетті орган мен ӨРҰ жүргізген тексерістер актілерін;

4) уәкілетті органның, ӨРҰ-ның және Сауда-саттық ұйымдастырушылардың осы Брокер-дилерге, оның қызметкерлеріне және оның аффилиирленген тұлғаларына қатысты соңғы он екі ай ішінде қабылданған шешімдерін;

5) брокерлік-дилерлік қызметтің жүзеге асырылуын реттейтін, осы Қағидалардың 23-тармағының 2) және 3) тармақшаларына сәйкес клиенттер үшін қолайлы орындарда орналастырылмаған нормативтік құқықтық және нормативтік актілерді, сондай-ақ қаржы құралдарымен жасалған мәмілелерді тіркеудің шарттары мен тәртібін.

Ескерту. 23-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 142 қаулысымен .

24. Брокер-дилер клиентке осы Қағидалардың 22 және 23-тармақтарында көрсетілген құжаттардың көшірмелерін беруден бас тартуға құқылы емес. Бұл

ретте Брокер-дилер көшірмелерді бергені үшін оларды дайындауға кеткен шығынның мөлшерінен аспайтын мөлшерде клиенттен ақы алуға құқылы.

25. Брокер-дилер қаржы құралдарымен осы клиенттің есебінен және мүддесінде жасауға жоспарланған мәмілеге қатысты Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген шектеулер мен ерекше жағдайлар туралы клиентті ескертуге міндетті.

26. Брокер-дилердің Ішкі қағидаларымен және ішкі құжаттармен, сондай-ақ осы Брокер-дилер мүшесі (қатысушысы) болып табылатын ӨРҰ-ның қағидаларымен өз клиенттері алдында ақпараттар ашу жөнінде осы Брокер-дилердің шарт жасау алдындағы қосымша міндеттері (осы Қағидалардың 21-25-тармақтарында айқындалған міндеттерден басқа) белгіленуі мүмкін.

27. Брокер-дилер қаржы құралдарымен жасалған мәмілелердің параметрлері (бағалары, көлемдері және басқа ықтимал параметрлері) (бағаны қағаздармен мәмілелер жасауға өтінімдердің (ұсыныстардың) параметрлері) туралы нақты емес немесе жаңылдыруға әкеп соғатын мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға немесе өзге де тәсілмен таратуға құқылы емес.

Осы баптың бірінші бөлігінде белгіленген шарт осы Брокер-дилердің мәмілелері мен өтініштеріне (ұсыныстарына) де басқа Брокерлер-дилерлер мен инвесторлардың мәмілелері мен өтініштеріне (ұсыныстарына) де, оның ішінде Сауда-саттық ұйымдастырушылардың Сауда жүйесінде тіркелген, қолданылады.

28. Қаржы құралдарын сатып алу немесе сату туралы бұқаралық ақпарат құралдарына ақпараттар немесе өзге де тәсілдермен хабарландырулар жариялау кезінде Брокер-дилер өзінің толық атауын (акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанын немесе үлгісін толық көрсетудің орнына тиісті аббревиатураларды қолдануға рұқсат етіле отырып, мысалы, "ЖШС", "ЖАҚ", "ААҚ", "АҚ" аббревиатурасы), сондай-ақ брокерлік-дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензияның берілген күнін және нөмірін көрсетуге міндетті. <*>

Ескерту. 28-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 142 қаулысымен .

4-тарау. Брокерлік қызмет көрсету жөніндегі шарт.
Клиенттік тапсырыс

29. Брокерлік қызмет көрсету жөніндегі шарт (бұдан әрі "Брокерлік шарт" деп аталады) жазбаша нысанда жасалуға жатады.

Брокерлік шартпен реттелетін қатынастарға Қазақстан Республикасы заңдарының тапсырыс шартына немесе комиссия шартына қатысты (Брокер-дилер осы Брокерлік шартқа сәйкес кімнің атынан әрекет жасайтындығына қатысты) белгіленген күші қолданылады.

Егер бұл Брокер-дилердің Ішкі қағидаларында көзделсе және клиенттің талабына қайшы болмаса, Брокерлік шартты жасасу кезінде қолды көшіру үшін факсимильдік құралдарды қолдануға рұқсат етіледі.

Егер бұл Брокер-дилердің Ішкі қағидаларында көзделсе, Брокерлік шартты хаттармен, жеделхаттармен және өзге де құжаттармен алмасу арқылы Қазақстан Республикасы заңдарының шарттарды осындай тәсілдермен жасасуға қатысты нормаларын сақтау шартымен жасасуға рұқсат етіледі.

30. Бірінші санатты Брокер-дилердің жасасқан Брокерлік шарты бір мезгілде қаржы құралдарын нақтылы ұстау туралы шарт ретінде де бола алады.

31. Брокерлік шарттың бір жолғы да (қаржы құралдарымен бір немесе бірнеше өзара байланысты мәмілелер жасау мақсатында), тұрақты да (Брокерлік шартпен белгіленген кезең ішінде клиентке брокерлік қызмет көрсету мақсатында) сипаты болады.

Брокерлік шарттың бір жолғы сипаты жағдайында оның клиент тапсырысы ретінде күші болады және онда осы Қағидалардың 43-тармағында белгіленген нормалар болу керек.

Брокерлік шарттың тұрақты сипаты жағдайында қаржы құралдарымен жекелеген мәмілелер оған сәйкес жекелеген клиенттік тапсырыстар негізінде жасалады. Бұл ретте Брокерлік шартта Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген ықтимал шарттардан басқа, Брокер-дилерге клиенттік тапсырыстар ұсынудың рұқсат етілген тәсілдері, Брокер-дилердің клиенттік тапсырыстарды қабылдағандығын растаудың тәртібі және Брокер-дилердің клиенттік тапсырыстардың орындалысы туралы есептерді беру тәртібі көрсетілу керек.

32. Брокерлік шартта бағалы қағаздармен осы Брокерлік шартқа сәйкес жасалған және Қазақстан Республикасының заңдарымен оған қатысты шектеулер мен ерекше шарттар белгіленген мәміле туралы Брокер-дилердің уәкілетті органды хабардар ету құқығы көзделу керек.

33. Брокерлік шартта оның жекелеген шарттарының осы Брокер-дилердің Ішкі қағидаларымен (осындай Ішкі қағидалардың уәкілетті органмен келісілген күнін және оларды уәкілетті органмен келісілгендігін растайтын құжаттың нөмірін міндетті түрде көрсетумен) және/немесе ӨРҰ-ның және осы Брокер-дилер мүшесі (қатысушысы) болып табылатын Сауда-саттық ұйымдастырушының қағидаларымен (осындай қағидалардың уәкілетті органда бекітілгендігі туралы мәліметтерді міндетті түрде көрсетумен) айқындалатындығы көзделу керек.

34-35. *Тармақтар алынып тасталынды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 7 наурыздағы N 76 қаулысымен.*

36. Брокерлік шарттың қолданылу мерзімі ішінде Брокер-дилер:

1) оның қаржылық жай-күйінің төмендегі кету фактілері мен себептері туралы (осы Брокер-дилердің қаржылық тұрақтылық көрсеткіштерінің тиісті санаттағы

Брокерлер-дилерлер үшін Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген мөлшерлерге (нормативтерге) сәйкес келмеуі);

2) осы Брокер-дилерге, оның қызметкерлеріне және оның аффилиирленген тұлғаларына қатысты уәкілетті орган, ӨРҰ және Сауда-саттық ұйымдастырушылар қолданған кез келген тәртіптік әрекеттері туралы;

3) қаржы құралдарымен Брокерлік шартқа сәйкес жасалуға тиісті (жасалған) мәмілелерге қатысты Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген және оны жасасқаннан кейін күшіне енгізілген шектеулер мен ерекше шарттар туралы өзінің клиентін ескертуге міндетті.

37. Осы Қағидалардың 36-тармағында көзделген ескертпелер жазбаша түрде ресімделу керек және клиентке Брокер-дилер поштамен, тікелей, электрондық поштамен, факсимильдік, телекстік, телеграфтық хабарлаумен немесе өзге де ықтимал байланыс түрлерімен осындай ескертпені жіберуге негіз туындаған күннен (осы күнді қоса отырып) бастап үш жұмыс күні ішінде жіберу керек.

38. Брокерлік шартта оны қолдануды тоқтатудың негіздері және Брокерлік шартты қолдану тоқтатылған кезде тараптардың әрекет етуінің тәртібі көзделу керек.

Егер, Брокерлік шартты қолдануды тоқтату сәтіне оның шоттарында және кассада клиентке тиесілі ақшалар мен қаржы құралдары (бірінші санатты Брокер-дилердің нақтылы ұстауындағы қаржы құралдарын қоспағанда) қалған жағдайда, олар клиенттің Брокерлік шартта көрсеткен немесе осы мақсаттар үшін оның Брокер-дилерге арнайы берген реквизиттер бойынша Брокерлік шартты қолдану тоқтатылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде, егер Брокерлік шартта ақшалар мен қаржы құралдарын қайтарудың аса қысқа мерзімі белгіленбесе, қайтарылу керек.

Бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің брокерлік-дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензия тоқтатыла тұрған немесе тоқтатылған жағдайдағы әрекет етулерінің ерекшеліктері уәкілетті органның жекелеген нормативтік актілерімен белгіленеді.

39. Брокерлік шартты жасасу немесе орындау процесінде Брокер-дилер клиентке мынадай қызметтер көрсетуге құқылы:

1) инвестициялық шешімдер қабылдау үшін клиентке қажетті ақпараттар беру жөнiндегi ;

2) клиентке қаржы құралдарымен мәмілелер жасау туралы ұсыныстамалар беру жөнiндегi (осы Қағидалардың 41-тармағының екінші және үшінші бөліктерінің нормаларын ескере отырып);

3) өзге де ықтимал ақпараттық, талдау және консультациялық қызметтер.

40. Осы Қағидалардың 39-тармағында көрсетілген қызметтерді көрсету кезінде Брокер-дилер клиентке қаржы құралдарымен Брокерлік шартқа сәйкес

жасалатын мәмілелер бойынша пайда алу немесе шығындардың болмауы жөнінде кепілдік беруге құқылы емес.

41. Брокерлік шартты жасасу және орындау процесінде Брокер-дилер мүдделер келіспеушіліктерінің туындау мүмкіндіктері және фактілері туралы клиентке ескертуге міндетті.

Егер мәмілені орындау мүдделердің келіспеушілігін туғызуға әкеп соқса, Брокер-дилерге бағалы Қағаздармен осындай мәміле жасау туралы клиентке ұсыныстамалар беруге тыйым салынады. Брокерлік шартпен аталған тыйым салуды бұзғаны үшін қаржы құралдарымен жасалған, орындалуы мүдделердің келіспеушіліктерінің туындауына әкеп соққан мәміле сомасының кемінде үш процентін құрайтын айып белгіленуі керек.

Осы баптың екінші бөлігімен белгіленген тыйым салу бұзылған жағдайда, Брокер-дилер клиентке Брокер-дилердің тыйым салуды бұзуының нәтижесінде оған келтірген шығындарды да, Брокерлік шартпен белгіленген айыпты да төлеуге міндетті.

42. Брокерлік шартты жасасу және орындау процесінде Брокер-дилер өзінің клиенті туралы мәліметтердің құпиялығын, сондай-ақ клиенттен алынған мәліметтің құпиялығын, егер Қазақстан Республикасының аумағында қолданылып жүрген заңдармен, ӨРҰ-ның және осы Брокер-дилер мүшесі (қатысушысы) болып табылатын Сауда-саттық ұйымдастырушының қағидаларымен өзгеше белгіленбесе және клиент өзі туралы мәліметтерді жария етуге, сондай-ақ оның Брокер-дилерге берген ақпаратты жария етуге Брокер-дилерге құқық бермесе, сақтауға міндетті.

43. Клиенттік тапсырыста мынадай реквизиттер болуы керек:

1) осы клиенттік тапсырысқа сәйкес бағалы қағаздармен жасасуға жататын мәміленің түрін көрсету;

1-1) осы клиенттік тапсырысқа сәйкес мәміле жасалуы тиісті қаржы құралдары эмитентінің атауы;

1-2) осы клиенттік тапсырысқа сәйкес мәміле жасалуы тиісті қаржы құралдары туралы мәліметтер: сатып алынуға немесе сатылуға тиісті қаржы құралдарының түрі, ұлттық бірегейлендіру номері, саны, қаржы құралдарын сатып алу немесе сату бағасы және мәмілені тиісінше өткізу үшін қажетті басқа да мәліметтер;

2) клиенттік тапсырыстың үлгісін көрсету (клиенттік тапсырысты орындаудың рұқсат етілген немесе талап етілген тәсілдері);

3) клиенттік тапсырыстың қолданылу мерзімі туралы мәліметтер;

4) клиенттік тапсырысты қабылдаудың күні және нақты уақыты;

5) Брокер-дилердің осы клиенттік тапсырысты қабылдаған қызметкері туралы мәліметтер;

6) Брокер-дилердің қаржы құралдарымен осы клиенттік тапсырысқа сәйкес жасасуға жататын мәмілені жасау туралы ұсыныстамасының бар екендігі туралы мәліметтер ;

7) клиенттің тілегі бойынша осы клиенттік тапсырысқа сәйкес жасасуға жататын мәміленің мақсатын көрсету;

8) Брокер-дилердің Ішкі қағидаларымен және/немесе осы Брокер-дилер мүшесі (қатысушысы) болып табылатын ӨРҰ-ның қағидаларымен белгіленген өзге де ықтимал реквизиттер .

Ескерту. 43-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 7 наурыздағы N 76 қаулысымен .

44. Осы қағидалардың 43-тармағының 4)-7) тармақшаларында көрсетілген клиенттік тапсырыстың реквизиттері Брокер-дилердің уәкілетті қызметкерінің куәландыруына жатады.

45. Клиенттің Брокер-дилерге тікелей тапсыруына жататын клиенттік тапсырыстың нысаны және клиенттік тапсырыс даналарының саны Брокер-дилердің Ішкі қағидаларымен және/немесе осы Брокер-дилер мүшесі (қатысушысы) болып табылатын ӨРҰ-ның қағидаларымен белгіленеді.

46. Реквизиттер осы Қағидалардың 44-тармағына сәйкес куәландырылғаннан кейін клиенттік тапсырыстың екінші данасы (клиенттің Брокер-дилерге байланыс құралдары арқылы берген клиенттік тапсырыстың көшірмесі) клиентке қайтарылуға жатады.

47. Брокер - дилер :

1) клиенттік тапсырыстың мазмұны бойынша клиентпен келіспеушілік болған кезде ;

2) қаржы құралдарымен осы клиенттік тапсырысқа сәйкес жасасуға жататын мәміленің Қазақстан Республикасының заңдарына анық қайшылығы болған кезде ;

3) қаржы құралдарымен осы клиенттік тапсырысқа сәйкес жасалуға жататын мәмілені тиісті дәрежеде (Қазақстан Республикасының заңдарына және Брокер-дилердің Ішкі қағидаларына және/немесе осы Брокер-дилер мүшесі (қатысушысы) болып табылатын ӨРҰ-ның қағидаларына сәйкес) орындалуын қамтамасыз етуге клиенттің қабілеттілігіне сенімсіздік болған кезде клиенттік тапсырысты орындауға қабылдауға құқылы емес. Осындай клиенттік тапсырысқа орындауға қабылданған жағдайда, Брокер-дилерге осы клиенттік тапсырмаға сәйкес жасалған мәміле бойынша міндеттемелерді бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарымен және Брокер-дилердің Ішкі қағидаларымен және/немесе осы Брокер-дилер мүшесі (қатысушысы) болып табылатын ӨРҰ-ның қағидаларымен белгіленген жауапкершілік жүктеледі.

5-тарау. Қаржы құралдарымен мәміле жасау

48. Брокер-дилер қаржы құралдарымен мәмілені өз есебінен және мүддесінде де (дилер ретінде), өзінің клиентінің есебінен және мүддесінде де (сенімді өкіл немесе комиссионер ретіндегі брокер ретінде) жасауға құқылы.

49. Клиенттік тапсырыстар, егер Брокерлік шартпен бір клиенттің клиенттік тапсырыстарына қатысты өзгеше көзделмесе, оларды қабылдаудың тәртібімен орындалуға жатады.

50. Банк болып табылмайтын бірінші санатты брокер-дилер клиенттерге тиесілі ақшаны есепке алу және сақтау мақсатында бағалы қағаздар рыногында кастодиандық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар және/немесе бағалы қағаздары "А" санаты бойынша сауда-саттықты ұйымдастырушының ресми тізіміне енгізілген онымен аффилиирленбеген банктерінде немесе резидент емес - бас банкінің "А" санатынан ("Standard & Poor`s" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктеуі бойынша) немесе "A2" санатынан ("Moody`s Investors Service" рейтинг агенттіктерінің жіктеуі бойынша) төмен емес ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді және жеке рейтингісі бар резидент-еншілес банктерде банк шоттарын ашады. < * >

Ескерту. 50-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 7 наурыздағы N 76 қаулысымен .

Ескерту. 50-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 142 қаулысымен .

51. Брокер немесе дилер ретінде қаржы құралдарымен Брокер-дилердің жасаған кез келген мәмілелері тек қаржы құралдардың ұйымдасқан рыногында (Сауда-саттық ұйымдастырушының Сауда жүйесінде) ғана жасалуға (осы Қағидалардың 52 тармағымен белгіленген ерекшеліктерді қоспағанда) жатады.

Осы баптың бірінші бөлігінде белгіленген норма, бағалы қағаздармен тиісті мәмілені бағалы қағаздардың ұйымдасқан рыногында (Сауда-саттық ұйымдастырушының Сауда жүйесінде) ғана жасау шартымен және осы Қағидалардың 53 және 56-тармақтарының нормаларын сақтау шартымен осы бағалы қағаздарға қатысты Брокер-дилердің брокер немесе дилер ретінде бір мезгілде сатушы (сатып алушы) болғандықтан оның бағалы қағаздарды сатып алуына (сатуына) (дилер немесе брокер ретінде) тыйым салуды білдірмейді.

52. Осы Қағидалардың 51-тармағының бірінші бөлігінде белгіленген норма мына жағдайларға қолданылмайды (Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген ерекшеліктерді қоспағанда):

1) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес эмиссиялық болып табылмайтын мемлекеттік емес бағалы қағаздармен мәмілелер жасауға;

2) Брокер-дилердің мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздарды жеке тұлға - меншік иелерінен (бағалы қағаздардың меншік иелерінің олардың

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес коммерциялық өкілдері болып табылмайтын өкілдерінен) бағалы қағаздардың ұйымдаспаған рыногында сатып алуына ;

3) Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарымен, оның ішінде басқа мемлекеттердің заңдарына сәйкес эмиссияланған, мәмілелер жасауға ;

4) шетелдік эмитенттердің Қазақстан Республикасының аумағындағы айналысқа жіберілмейтін бағалы қағаздарымен мәмілелер жасауға;

5) шетелдік эмитенттердің Қазақстан Республикасының аумағындағы айналысқа жіберілетін бағалы қағаздарымен резидент еместермен мәмілелер жасауға ;

6) бағалы қағаздармен (оның ішінде Брокер-дилердің өзінің эмиссиялаған) оларды бағалы қағаздардың бастапқы рыногында орналастыру кезінде мәмілелер жасауға ;

6-1) ұйымдасқан бағалы қағаздар рыногында айналысқа жіберілмейтін мемлекеттік емес бағалы қағаздармен мәмілелер жасауға;

7) Брокер-дилердің өз бағалы қағаздарын сатып алуы; <*>

8) акцияларды қоспағанда Қазақстан Республикасының заңдарына және осы бағалы қағаздардың эмиссия проспектісіне (шығарылым шарттарына) сәйкес брокер-дилердің өз бағалы қағаздарын сатып алуы.

Ескерту: 52-тармақ толықтырылды, өзгертілді - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы 1999 жылғы 30 қыркүйектегі N 44 қаулысымен , ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 желтоқсандағы N 566 қаулысымен , 2003 жылғы 7 наурыздағы N 76 қаулысымен , ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 142 қаулысымен .

53. Брокер ретінде әрекет жасай отырып Брокер-дилер тиісті Сауда-саттық ұйымдастырушының Сауда жүйесінде тіркелген осы үлгідегі бағалы қағаздармен мәмілелер жасауға қарсы өтініштің (ұсыныстың) ең жақсы бағасынан нашар баға бойынша бағалы қағаздармен мәмілелер жасауға құқылы емес.

54. Қарсы өтініштің (ұсыныстың) ең жақсы бағасынан нашар баға (осы Қағидалардың 53-тармағында көзделген) деп:

1) қаржы құралдарын осы Брокер-дилер сатқан кезде - осы үлгідегі қаржы құралдарын сатып алудың ең жоғарғы (ең жақсы) бағасынан төмен баға;

2) қаржы құралдарын осы Брокер-дилер сатып алған кезде - осы үлгідегі қаржы құралдарын сатудың ең төменгі (ең жақсы) бағасынан жоғары баға түсініледі.

ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 142 қаулысымен .

56. Брокер ретінде қаржы құралдарымен мәмілелер жасау кезінде Брокер-дилер клиенттік тапсырманы аса жақсы орындау үшін барлық ықтимал күштерді салуға міндетті.

Клиенттік тапсырыста көрсетілген мақсатына қайшы келетін қаржы құралдарымен мәміле жасауға Брокер-дилер құқылы емес.

Мүдделер келіспеушіліктері туындаған жағдайда Брокер-дилер қаржы құралдарымен мәмілелерді клиенттерінің мүдделерін өзінен жоғары ұстауға сүйене отырып жасауға міндетті.

57. Брокер ретінде клиенттің атынан әрекет жасай отырып Брокер-дилер қаржы құралдарымен мәмілелерді жасау үшін басқа біреуге сенім білдіруге құқылы, егер осындай сенім білдіру Брокерлік шартта көзделсе не егер Брокер-дилер есебінен және мүддесінде қаржы құралдарымен осы мәміле жасалатын өз клиентінің мүддесін қорғау мақсатында жағдаяттың әсерінен осыған ықтиярсыз болса. Бұл ретте бағаны қағаздармен мәмілені жасау үшін тек басқа Брокер-дилерге сенім білдірілуі мүмкін.

қаржы құралдарымен мәміле жасау үшін Брокер-дилердің басқа біреуге сенім білдіруі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

6-тарау. Есеп жүргізуді ұйымдастыру

58. Бірінші санатты Брокер-дилерге тиесілі ақшалар мен қаржы құралдарға оның клиенттерінің қаржы құралдары мен ақшаларынан бөлек есеп жүргізілуге жатады. Бірінші санатты Брокер-дилер бұл мақсаттар үшін орталық депозитарийде, кастодиандарда (тек шетел эмитенттерінің бағалы қағаздары бойынша) және банктерде (банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда) оған және оның клиенттеріне тиесілі қаржы құралдары мен ақшаларға есеп жүргізуге және сақтауға арналған жеке шоттар ашады.

Ескерту. 58-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 142 қаулысымен .

59. Клиенттен келіп түскен қаржы құралдары мен ақшаларды бірінші санатты Брокер-дилердің орталық депозитарийде, кастодиандарда (тек шетел эмитенттерінің бағалы қағаздары бойынша) және банктердегі (банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы) оның клиенттеріне тиесін қаржы құралдары мен ақшаларға есеп жүргізуге және сақтауға арналған шоттарға салуына жатады.

Ескерту. 59-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 142 қаулысымен .

60. Егер ӨРҰ-ның және орталық депозитарийдің қағидаларымен өзгеше көзделмесе, бірінші санатты бір Брокер-дилердің барлық клиенттерінің қаржы құралдары (ақшалары) орталық депозитарийдегі (банктегі (банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдағы)) осы Брокер-дилердің атына ашылған бір шотқа есепке алынады және сақталады. <*>

Ескерту. 60-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 142 қаулысымен .

61. Бірінші санатты Брокер-дилер әрбір жеке Клиентке осы Клиентке тиесілі бағалы қағаздар есепке алуға арналған жеке шот, сондай-ақ Брокер-дилердің өзіне тиесілі бағалы қағаздар мен ақшаны есепке алуға арналған жеке шот ашады . Брокер-дилер тек қана өзінің жеке шотын және өз Клиенттеріне жеке шоттар а ш у ғ а қ ұ қ ы л ы .

Ескерту: 61-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 7 наурыздағы N 76 қаулысымен .

Ескерту. 61-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 142 қаулысымен .

6 2 . < * >

Ескерту: 62-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 7 наурыздағы N 76 қаулысымен .

Ескерту. 62-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 142 қаулысымен .

6 2 - 1 . < * >

Ескерту: 62-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 7 наурыздағы N 76 қаулысымен .

Ескерту. 62-1-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 142 қаулысымен .

63. Брокер-дилер ол мүше болып табылатын Қазақстан Республикасының заңдарымен, ӨРҰ-ның қағидаларымен немесе осындай қағидалар болмаған кезде осы Брокер-дилердің Ішкі қағидаларымен белгіленген тәртіпте есеп журналдарын жүргізу арқылы:

- 1) клиенттік тапсырыстарға және олардың орындалысына (орындалмауына);
- 2) қаржы құралдарымен жасалған мәмілелерге;
- 3) қаржы құралдарымен орындалған мәмілелерге;
- 4) қаржы құралдарымен орындалмаған мәмілелерге;
- 5) жеке шоттардағы қаржы құралдарға және олардың санының өзгерістеріне;

6) жеке шоттардағы ақшаларға және олардың санының өзгерістеріне;
7) қаржы құралдары бойынша түскен және орналастырылған кірістерге;
8) клиенттердің наразылықтарына және оларды қанағаттандыру жөніндегі ш а р л а р ғ а ;

9) клиенттік тапсырыстардың орындалысы туралы клиенттер берген есептерге нақты және қажетті (есеп жүргізу мәліметтеріне өзгерістер енгізу үшін негіздер туындаған күні) есеп жүргізуге міндетті;

10) жасалған брокерлік шарттар және номиналды ұстау шарттары;

11) туынды бағалы қағаздарды; <*>

12) өзге қаржы құралдарын есепке алу. <*>

Ескерту: 63-тармақ толықтырылды, өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 7 наурыздағы N 76 қаулысымен .

Ескерту. 63-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 142 қаулысымен .

63-1. Бірінші санатты Брокер-дилер Клиенттерінің жеке шоттары бойынша операциялардың шарттары мен тәртіптері және осы операцияларды орындау мерзімдері Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленеді. <*>

Ескерту: 63-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 7 наурыздағы N 76 қаулысымен .

Ескерту. 63-1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 142 қаулысымен .

64. Клиенттің жеке шот ашу және жүргізу мақсатында ұсынған құжаттарын Брокер-дилер осы жеке шот жабылған күннен бастап бес жыл ішінде сақтайды.

Негізінде есеп жүргізу мәліметтеріне өзгерістер жасалған құжаттар осы жеке шот жабылған күннен бастап бес жыл ішінде Брокер-дилердің сақтауына жатады .

< * >

Ескерту. 64-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 142 қаулысымен .

65. Брокерлер-дилерлердің қаржы-шаруашылық қызметіне есеп жүргізудің және олардың қаржылық есеп берулерінің тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

7-тарау. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету және ішкі бақылау жасау

66. Брокер-дилер өзінің клиенттерінің қаржы құралдары мен ақшаларының, сондай-ақ ондағы оның клиенттері туралы ақпараттың (оның ішінде осы Брокер-дилердің оның клиенттерінің есебінен және мүддесінде қаржы

құралдарымен жасалған мәмілелер туралы) қауіпсіздігін (осы тарауда бұдан әрі " Қауіпсіздік" деп аталады) қамтамасыз етуге міндетті.

67. Брокер-дилердің ішкі құжаттарымен, өзге де ықтимал нормалардан басқа:

1) құжаттарды тіркеу, сақтау және архивке өткізу, құжаттарға және архивтегі құжаттарға рұқсат ету, архивтегі құжаттардың мәліметтерін қалпына келтіру;

2) электрондық мәліметтер көлемінің сақталсын қамтамасыз ету;

3) қаржы құралдарымен мәмілелер жасау және орындау кезінде, сондай-ақ осы Брокер-дилердің және оның клиенттерінің қаржы құралдары мен ақшаларына есеп жүргізу кезінде пайдаланылатын бағдарламалық-техникалық құралдарға (оның ішінде электрондық мәліметтер көлеміне) рұқсат ету;

4) өрт қауіпсіздігінің және апаттардан және өзге де қарсы тұруға болмайтын күштерден алдын-ала ескерту арқылы қорғау;

5) электр жүйесі өшіп қалған және төменде аталған жүйелердің қалыпты режимде жұмыс істеулері үшін пайдаланылатын өзге де ресурстар жоғалып кеткен (жетіспеген) жағдайларда Брокер-дилер жүйесінің қаржы құралдарымен мәмілелер жасау және орындау жөніндегі, сондай-ақ осы Брокер-дилердің және оның клиенттерінің қаржы құралдары мен ақшаларына есеп жүргізу жөніндегі жұмыс қабілеттілігін ұстап тұру қағидалары кіретін қауіпсіздікті қамтамасыз ету нормалары белгіленеді.

68. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету нормалары сондай-ақ ӨРҰ-ның қағидаларымен белгіленуі мүмкін.

69. Осы Брокер-дилер мүшесі болып табылатын ӨРҰ-ның қағидаларымен немесе осындай қағидалар болмаған кезде, осы Брокер-дилердің ішкі құжаттарымен қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жекелеген нормалары қызметтік құпия ретінде айқындалуы мүмкін. Бұл ретте Брокер-дилердің ішкі құжаттары аталған нормалар бөлігінде уәкілетті органмен келісуге жатпайды.

70. Брокер-дилер ішкі құжаттарға сәйкес ішкі бақылауды жүзеге асырады.

Ішкі бақылау жасауды жүзеге асырудың нормалары осы Брокер-дилер мүшесі болып табылатын ӨРҰ-ның қағидаларымен немесе осындай қағидалар болмаған кезде, осы Брокер-дилердің Ішкі қағидаларымен белгіленеді. Бұл ретте Брокер-дилердің ішкі бақылау жасау объектісі болып табылатын әрекеттерді тікелей орындайтын қызметкеріне ішкі бақылау жасауды жүзеге асыруға рұқсат е т і л м е й д і .

Ескерту: 70-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 7 наурыздағы N 76 қаулысымен .

71. Брокер-дилер айына кемінде бір рет жеке шоттардағы (банк) қаржы құралдары мен ақшалар санына өзінің есеп жүргізу мәліметтерін орталық депозитарийдің және банктердің (банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдағы) осы Брокер-дилерге ашылған шоттардағы қаржы

құралдары мен ақшалардың саны туралы мәліметтермен салыстырып тексеріс жүргізуге міндетті. < * >

Ескерту. 71-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 142 қаулысымен .

8-тарау

Ескерту. 8-тарау алынып тасталды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 142 қаулысымен .

Уәкілетті органның

Төрағасы